

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ ОЙ-ӨРІСІН АРТТЫРУ

**Секен Айгерим Дауренқызы**

sekenova.aigerim@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті  
Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студенті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Куланова К.К.

**Өзектілігі.** Тоғызқұмалақ – зияткерлік спорттық ойын түрі. Олай болса, осы ойынды үйрету, дамыту, әлемдік мәдениеттен ойып орын алуға тиіс ойынымыздың өсіп, өркендеп, дамуына үлес қосу жастар қолында.

Ал зияткерлік спорт дегеніміз - адамның ойлау қабілетін, ой-өрісін дамытатын ойын , оның үстіне, зияткерлік ойындардың сауықтыру сипаты да зор екен. Екіншіден , ғалымдарының зерттеулеріне қарағанда, тоғызқұмалақтың шығармашылық, тәрбиелік, танымдық құндылықтары жетерлік . Ата-бабамыздан аманат етіп қалдырылған бұл тоғызқұмалақ ойынды келесі ұрпаққа тапсырудың маңызы біз үшін өте қымбат , өйткені ұлттық тәрбие жалпы тәрбиенің негізі.

Ұлттық рух дегеніміз – тарихтың жоғалтқанын бүгіннен іздеу, заманауи талабын тарихта кеткен қателерден арылта отырып қанағаттандыру, келешекте ұрпаққа ұлттық ойындарымызды жеткізу. Ұлттық ойынның басты мақсаты - жаңа ХХІ ғасырдың оқыған, білімдар, білікті, техниканы, ілім-білімді терең игерген, дені сау, мықты, қажырлы, табанды, ақылды кеменгер, ұлтжанды, отаншыл ұрпақ қалдыру.

Мысалы, кейінгі онжылдықтарға үңілетін болсақ, Кеңес Одағы ұлттық аймақтарда дәстүрлі ұлттық ойындарды ойнату барысында көптеген іс-шаралар жүргізілді.

Ұлттық тәрбиені тарату кезінде студенттердің бойында қалыптасатын салалар:

1. Дене шынықтыруға, күш–қуатты шыңдай түсуге, мүсінді түзетуге бағытталған;
2. Еңбек етуге, дос болуға, жолдастыққа қайраттылыққа тәрбиелеу
3. Ой-өрісін кеңейтуге батылдыққа ептілікке баулу.

4. Студенттерге кубик - рубик ойындарын үйретеді, математикалық логикасы қалыптастырады.

Бүгінгі студенттер – Қазақстанның болашағы десек, артық емес. Өйткені , олар ұлтымыздың тектілігін, дарындылығын, кеңпейілділігін ары қарай гүлдендіреді. Біздің ұлттық ойындарымызды, қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын сақтаушы осы жастар

Қазіргі қазақ елінің ұлттық идеологиясы осы мұраларда тұрғанына Президентіміздің мақаласынан кейін тағы да көз жеткізіп отырмыз. Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай, сөзден іске көшуіміз керек, Абай атамыздың мұралары арқылы, студенттердің бойынан адамгершіліктің, адалдықтың, еңбекқорлықтың, парасаттылықтың дәнін көру жастардың ісі. Абайдың 175 жылдық мерейтойына қоғамдық сананы жаңғыртатын, еліміздің дамуына серпін беретін іс-шара ретінде зор мән беріп, нақты іспен көрсету – бойымыздағы парызымыз. Мұндай ұстаным ұлт тарихына, тұғырлы тұлғаларына, салт-дәстүріне, өнеріне қатысты дүниелердің бәрінде қатаң түрде ескерілуі керек дер едім.

С.Ақтаев, Қазақстан федерациясының бас хатшысы :Ұлы Абай атамыз өзі тоғызқұмалақты меңгеріп, кезінде демеуші болған, ұйымдастырушы болған, барша қандастарын тоғызқұмалақ ойнауға шақырған еді. Бүгінгі күнде зерттеулер нәтижесінде ұлттық ойынымыздың пайдалы жақтарын, оның жастар тәрбиесіне берерін талдап, осы жылдан бастап көптеген жұмыстар жүзеге асырылғанын тұжырымдады [1].

Ақынды ғылыми тұрғыда зерттеп жүрген мамандар осындай ақпаратты алға тартады. Енді оны кеңінен насихаттап, әрі спорттың бұқаралық сипатын арттыру үшін ерекше

форматтағы жарыстар өткізілді. Ең алғашқысы елордада болды. Бұнда алғаш рет абайтанушылар арасындағы арнайы турнир өтті [2].

10 қараша 2021 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы және Дүние жүзілік тоғызқұмалақ федерациясымен ұйымдастырылған «Еуразия кеңестігіндегі зияткерлік ойындар» атты ғылыми семинардың жанкүйері ретінде болдым.

Дихан Камзабекұлы академик бүгінгі семинар аясында қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптарын кеңінен дәріптеп, ұмыт болғанын жаңғыртып, заман көшіне сай ұлықтап, өскелең ұрпақты сол арқылы тәрбиелеу жолға қойылу керектігін сөз етті. Сондай-ақ, ұлттық тағамдарымыздың құндылығын арттырудың да өзектілігі жоғары деп ойын түйіндеді.

Ертеден халқымыздың інжу –маржандары қазақ халқының ұлы ойшылдары Қорқыт ата Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласұғын, Қожа Ахмет Яссауи, Махмұт Қашқари, Жиренше Бұхар жырау Бергі заманда Абай, Ыбырай, Шоқаннан мұра болып қалған асыл істері балаларымыздың бойына өшпес із қалдырумен келе жатқанын жаңа заман ғалымдары дәлелдеген [3].

Бүгінгі күнге дейін өзгеріссіз пайдаланып келе жатқан ойын ережелерін кезінде Мұхтар Әуезов, Қалибек Қуанышбаев, Шаймардан Ибраев бастап, тоғызқұмалақ мамандары қосылып, 1948 жылы бір келісімге келу арқылы жүйелеп, ортақ жиында көпшілік арқылы шешімін тапқан.

**Ойлау** — дербес үрдіс. Ол туа біткен дарын емес Ойлау қабілеті арнайы құралдар, техника, ойындар және тұрақты жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Қойшылар алгебрасы - құмалақ ойыны. Бүгінгі күні жаңа мәнге ие болып отыр, себебі компьютерлер мен басқа да ойын құрылғыларымен ойнағаннан, осы ойынды ойнаған тиімді.

Бұл ойынның пайдасы Пифагор көбейту таблицасын үйренуге; терең ойлау қабілетіне; мінез-құлқына тұрақтылықты; есеп шығаруда, оқу алдындағы жауапкершілігін арттыруда өз үлесін қоса алады. Тоғызқұмалақ ережелерінен қазаққа тән мінез-құлық ерекшеліктерін көруге болады. Отау саны мен құмалақ санының аталған ойындардан көптігі де – ұлтымыздың жомарт, еркін болмысын сипаттайды, қазақ даласына тән кендігін ажыратады.

Зерттеушілердің көпшілігі ойын студенттердің өмірінде маңызды функцияларды орындайтындығымен келіседі:

- ойын-сауық (көңіл көтеру, ләззат алу, қызығушылықты ояту);
- қарым-қатынас диалектикасын дамыту;
- жаттығулар (саусақ жаттығулары сияқты қол моторикасын ширату);
- терапиялық: ойындағы қиындықтарды жеңу;
- диагностикалық: ойын барысында өзін-өзі тану;
- түзету: жеке көрсеткіштер құрылымына оң өзгерістер енгізу;
- ұлтаралық қарым-қатынас: барлық адамдар үшін ортақ әлеуметтік-мәдени құндылықтарды игеру;

Тоғызқұмалақтың басқа ойындардан ерекшелігі – ойын құралдары ақ, қара түстерге бөлінбейді және арнаулы отаулық тақталарда ұсақ шарлармен ойналады. Ойынның мақсаты – қарсыластан көп шарларды (құмалақ) жинап, ұпай санымен алға шығу.

Түркі халықтарының бөліну кезеңінде тоғызқұмалақ ойыны жан-жаққа әртүрлі нұсқамен тарқаған. Тоғызқұмалақ ойынынан біз өз ата-бабамыздың даналығына куә боламыз. Бүгінгі күні түркі халықтарының ішінде қазаққа ғана тоғызқұмалақ ойынының "тұздық" ережесі сақталған [4]. Тұздық ережесі – ойынның тартысты өтуіне септігін тигізеді. Әрбір ойыншы қарсыласының отауынан тұздық құра алады. Мұның өзі қазақ халқының жауынгер халық екенін дәлелдей түседі.

Еркетай Иманбаев тоғызқұмалақты иман тұрғысынан қарастырған. Осылайша тоғызқұмалақ философиясынан тоғызқұмалақ пәлсапасы туралы ой пікір жазған.

Бұл ойынды екі бала ойнайды. Ойын басталмай тұрғанда онда бәрі де сакральді. (Сакральді сөзіне түсінік беру) Сакральдік (лат. sacrum қасиетті) культке жатқызылатынның барлығы, құнды идеалдарға бас ұру. Сакраментальді – қасиеттенген, қасиетті. Қасиетті деп

танылған заттар құрметке және де барлық мүмкін жағдайлармен қорғалады. Сенімнің, үміттің, махаббаттың қасиетті тепе-теңдігі ретінде адамның жүрегі . Культтік затқа деген қасиетті қатынастың сақталуы біріншіден сенушінің ар-ұжданымен негізделеді.

Отау саны да тақ, құмалақтар саны да тақ. Ойын басталған соң-ақ пенделік болмысымыз атойлап шығады. Біздер қайткен күнде 82 құмалақ алуға тырысамыз. Өйткені бұл – жеңіс! Ойын басталмай тұрғанда тараптарда – 81 құмалақ болады. Ойыншыға осы 81 құмалағын сақтап қалса болғаны! Жеңу үшін қарсы жақтың 1 құмалағын ұтып алсаң жеткілікті. Ойынның жеңу философиясы – 82, ойынның пәлсапасы – 81.

Пәлсапа — (Грек *phileo*- даналық) — табиғатқа адам қарым-қатынас жалпы ішкі қасиеттерін негізгі қағидаттары мен адамның ойын туралы білім жүйесін шығарады әлемнің әлеуметтік сана мен білімді арнайы конфигурация, қоғам және барлық негізгі көріністерінде рухани өмір. Тоғызқұмалақтың философиялық мәні де (мақсаты) – жеңу, қазандығындағы құмалақ санын 82-ге жеткізу.

Тоғызқұмалақ пәлсапалық мәні (мақсаты) – жеңілмеу, алғашқы 81 құмалағын сақтап қалу. Осыған орай, онда басқа логикалық ойындарға қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар. Оның ең бастысы – жемеу. Жемей-ақ мақсатқа жету. Тоғызқұмалақта бұл жүрістер көптен бері айтылып жүр.

Зерттеу жұмыстарын жүргізуде байқағанымыз студенттердің мінез-құлқының өзгергендігі, олардың бірқалыпты, тұрақтылығы болуы және бір-бірін құрметтеуі мен сыйлауы кездеседі. Пифагордың көбейту таблицасын үйренушілер үшін осы тоғызқұмалақ тақтасы арқылы есептеп, үйренуге де болады. Мысалы  $6*5=30$  бұл жерде 6 отауға бес бестен құмалақ салып, санағанда 30 құмалақ шығады. 9 жердегі  $9=81$  Тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан құмалақ салып, бәрін қоссақ 81 құмалақ .

Сонда әр отауға құмалақ салу арқылы есеп шығаруға да болады екен. Бұл дегеніміз жастардың математика есептерін тез шығару үшін логикалық ойлау қабілетін дамытады. ЖОО-да, мектептерде тоғызқұмалақ қанатын кенге жайып, танымал ойын болытына сенеміз.

Тоғызқұмалақ ойын - қисындық ойлау өрісі. Бұл өрістің мәні – жастар санасын жетілдіруге, ой-өрісін кемелдендіру. Қазақ елінің ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтын осы ойынның өзі куә. Адамдардың тоғызқұмалақты ұлттық тәрбиенің бөлшегі ретінде оқу бағдарламасына енгізу – негізгі идеяның бірі. Сонымен бірге жоғары оқу орындарының денешынықтыру мұғалімдерін дайындайтын Л.Н.Гумилев факультеттерде тоғызқұмалақты міндетті сабақ ретінде қосылды. Мысалы, қазіргі таңда тоғызқұмалақ үйірмелері Нұр-Сұлтан қаласында көптеген мектептерде жүргізіледі. Сонымен, қатар Еуразия ұлттық университетінде үйірмеге студенттер қатысып, Нұр-Сұлтан қаласының «Өркен» Балалар және жасөспірімдер Дене тәрбиесі орталығы жанындағы «Арқа Алаң» ұлттық спорт түрлері орталағында үйірме ашылды. Сол үйірмелер негізінде балалар көп жеңістерге қол жеткізіп жүр.

Дене шынықтыру саласымен тоғызқұмалақ үйірмесінің негізгі міндеттері : студенттердің денсаулығын сақтау, нығайту және қорғау ; ақыл-ой және физикалық жұмыс қабілеттілігін арттыру , шаршаудың алдын алу; үйлесімді дене дамуын қамтамасыз ету, қозғалыстардың негізгі дағдыларын жетілдіру, күнделікті қозғалыс қызметіне қажеттілікті қалыптастыру, дербестікті, ойындарға, оның ішінде ұлттық ойындарға деген қызығушылықты, спортқа деген сүйіспеншілікті дамыту. Олардың ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан[6].

Күтілетін нәтижелер:

- дене дайындық көрсеткіштерін жақсарту.
- студенттердің тоғызқұмалақ бойынша универ ішілік және халықаралық жарыстарда өздерін жақсы көрсетуі.
- студенттердің салауатты өмір сүру салтына саналы түрде қарауын қалыптастыру.
- спортпен белсенді түрде шұғылдану барысында аурулардан алдын ала сақтандыру.
- сабақтан тыс уақытта студенттердің тоғызқұмалақпен шұғылдануын қамтамасыз ету, жастар арасында құқық бұзушылықтан алдын ала сақтандыру.

Қорыта келгенде, жастарды туған халқының әдет-ғұрпы мен дәстүрін зерделеуге ынтасын ояту, ұлттық спорт түрі – тоғызқұмалақ ойыны арқылы студенттердің зияткерлік қабілетін дамыту, тарихқа құрметпен қарауға, адамгершілік пен салауатты өмір салтының негіздерін берік қалыптастырған азаматты тәрбиелеу – бүгінгі салауатты қоғамның басты ұстанатын қағидасының бірі болуы керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ даналығы. – Тараз, 2000. – 53 б.
2. Ақшораев Ә. 60 сабақтық тоғызқұмалақ ойынының оқулығы. – Тараз, 2001. – 68 б.
3. Тілеубаев С., Бизақов С. Тоғызқұмалақ әліппесі. А., Қанағат, 2000.
4. Сағындықов. Е. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: Рауан, 1991.
5. Шотаев М., Жумабаев Н., Ақназаров С. Таңғажайып тоғызқұмалақ – Түркістан, 2004
6. Төтенаев Б.Ә. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қазақстан, 1978. - 150 б.

УДК 373.24

### **ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Секен Айгерім Дауренқызы**

sekenova.aigerim@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті  
Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Л.С. Тұңғышмұратова

Кез келген мемлекеттің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі - өскелең ұрпақтың дені сау болып ер жетуі және балалар арасында салауатты өмір сүрулерін қалыптастыру болып табылады. Баланың денсаулығын сақтау және нығайту – өзекті де айқын мәселе. Денсаулықтың физикалық саулықпен қатар әлеуметтік, рухани-адамгершілік, тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалдық саулық түрлері бар [1]. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының пікірінше, үйлесімді тұлға мен салауатты тұлға ұғымдарын физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық компоненттерді қамтитын күрделі көп деңгейлі құбылыс ретінде анықтауға болады [2].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басым бағыты халықтың денсаулығын қорғау болып табылады, өйткені қоғамға физикалық және психологиялық жағынан сау азаматтар қажет. Осыған байланысты бала кезінен жеке тұлғаның денсаулығын, дене дамуын қалыптастыру барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінің алдында тұрған маңызды міндеттер.

Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балалармен оқу-тәрбие жұмысын сапалы ұйымдастыру ерекше өзектілікке ие. Өйткені мектеп жасына дейінгі ұйымдарда балалардың тұлғалық қалыптасуының іргетасы қаланады және дене бітімінің дұрыс дамуы негіз алады. Белгілі педагог В.А. Сухомлинскийдің пікірінше, денсаулық сақтау – тәрбиешінің ең маңызды жұмысы болып табылады [3].

Мектеп жасына дейінгі ұйымдарда балалардың жеке басының жағымды қасиеттерін дамыту процесі олардың әртүрлі іс-әрекет түрлерімен – қимыл-қозғалыс және рөлдік ойындармен, тұрмыстық іс-әрекеттермен және сыртқы әлеммен танысумен тығыз байланысты келеді. Ата-аналар мен тәрбиешілер балалардың шығармашылық табиғаты мен дене белсенділігін арттыратын қимыл-қозғалыстар тәрбиеленушілерге жағымды эмоционалдық әсері бар маңызды фактор екенін атап өтті.

Қазақстанда Денсаулық сақтау министрлігінің ресми есептерінің деректері бойынша балалар денсаулығы әлі де төменгі деңгейде екенін көрсетеді. Балалар арасында